



Жексен АЛПАРТЕГІ,

журналист



МҰХТАР ӘУЕЗОВ ҚАРҚАРАДА КІМДЕРМЕН КЕЗДЕСКЕН?

Атақты жазушы Мұхтар Әуезов «Қилы заман» кітабын жазу үшін албан көтерілісі болған Қарқара жайлауында 35 күн болған деген әңгімені бірде жазушы Тұрдақын Жексенбайдың аузынан естідім. Ол кісі кітапты Қытай жерінде төтенше жазумен жазылған нұсқасынан оқығанын айтты. «Шынымен, Мұхтар Әуезов көтеріліс болған Қарқарада болып, оған қатысқан адамдармен кездескен бе? Кездессе кімдермен жолыққан екен?» деген сұрақтың туындауы анық.

Бұл жөнінде әкем Сағымбектің ертеде айтқан әңгімесі де себепші болды. Әкем Ұзақ батырмен немерелес. Ұзақтың әкесі Саурыкпен менің әкемнің әкесі Оспан бірге туған. Хат танымаса да сөзге ұғымтал, бір айтқанды тез қағып алатын зеректігі бар еді. 1916 жылғы көтерілісте он бір жаста болыпты. Немере бауыр болғандықтан, Ұзақты көріп өскен. Көтерілістегі қанды қырғын мен ақ патшаның зұлымдық саясатын кейбір кездері айтып отыратын. «Заман қиын болды. Ақ патшаның жазалаушы отрядтары ауыл-ауылды шауып, білгенін істеді. Қарулы жасақтан қорыққан ел тау мен тасты паналап кетті. Біздер Шәкірамбалдағы Майшұқырда және сол жердің сай-саласына қоныстандық» десе, шешеміз де кішкене балалар жыласа, «жылама, орыс келе жатыр, орыс...» деп, өткен күндердегі сөздерін айтып жұбататын. Мұны біз кейін ұқтық. Себебі, патша жарлығына қарсы шықты деп, жазалаушы отряд ауылдың зәреқұтын алса, олардың айуандық әрекеті әркімнің көз алдында істелген. Сол қорқынышты жағдайды кім қалай ұмытсын. Бұл сөз мұндаға дейін айтылып келгені де үлкендердің есінде. Патшаның жарлығына қарсы шығып, «солдатқа бала бермейміз, бала өлгенше, шал өлсін» деген ержүрек

жандардың бекер құрбан болғандары да көптің есінде ұзақ сақталып келді. Әкем «1916-жылдағы сол қырғын және үркіншілік албанның талай арыс азаматтарынан айырды. Халық үшін жан қиған Ұзақ батыр, данагөй Жәмеңке, ер тұлғалы Тұрлықожа пен Әубәкірлердің және басқалардың ерліктері ескерусіз қалды. Солардың ерліктері, елге үлгі болған боздақтардың құрбандықтары бағаланбай қалғаны, жарыққа шықпағаны қалай?» деп отыратын. Кейде Ұзақтың әкесі Саурықтың қалмақпен соғысқаны, отаршыл келімсектерге қарсы шығып, Колпаковскийдің әскерлерімен айкасқанын да айтатын. Есіл ерді ақыры Жаркент жакта ұстап, үзеңгісіне у жағып өлтіргенін де әңгіме ететін. Ағасы Саурыкпен бірге соғысқан Шалтабайдай акын-күйшінің тағдыры да оңай болмапты, Сібірге айдаған» деп, оның өлеңдерін жатқа талай айтқаны бар. Жанғабылдай жүйрік шешеннің тапқырлығын әңгімелегенде, естігендер риза болушы еді. Бұл әңгімені ауылдағы көнекөз қариялар тереңнен қозғап, сөз еткенін де естіп өстік. Бірақ, кеңес заманында бұл тақырып жабық болғаны тарихи шындық. Ел қорғаған батыр, есепсіз мал жинаған бай, дінді уағыздаған